

ған сомның сапалы бұйымдарын берді.

Егер барлық жерде бірдей жұмыс осылай істелген болса, онда көпшілік тұтынатын товарлар шығару ісіндегі табыстарымыз бұдан әлде қайда зор болар еді. Бірақ облысымыздың көптеген өнеркәсіп орындары өз мүмкіншіліктеріне сай жұмыс істемей халық тұтынатын товарлар өндірудің белгіленген тапсырмаларын толық орындай алмай келеді.

Істің жайы, әсіресе, қала өнеркәсіп орындарында төзгісіз жағдайда болып отыр. Қаланың бірқатар кәсіпорындары өнімнің көп түрлерінен белгіленген жоспарды ұзақ уақыт бойына орындай алмай келеді. Кәсіпшілік артельдері өнім шығарудың 9 айлық жоспарын орындаған жоқ. Мұнымен бірге олардың шығарған бұйымдарының сапасы халық тілегіне сай емес, товарлардың асортименті деген аз. Кәсіпшілік артельдері өнімнің 20 түрін өндірудің орнына, оның бар болғаны 8-ақ түрін шығарды.

Мұның басты себебі сол — өнеркәсіп орындарында өндіріс ұйымдастыру ісі нашар, технологиялық талаптар дұрыс сақталмайды, пайдаланылмай жатқан мүмкіншіліктерді табу, оны іске қосу ісі берімен жіберілген. Дәл осындай себептермен қаладағы «Молот», «Прогресс», «Деревообделочник», «Пищевик» кәсіпшілік артельдері өнім шығару жоспарын айда-айға орындамай, тұтынушылар алдында үлкен борышты болып отыр. Халық тұтынатын товарлар шығаратын «Пищевик» артельінің бір өзі ғана үстіміздегі жылдың өткен уақыты ішінде 1

ліктерді тиімді пайдалану, оларға процестерін жетілдіру жолындағы социалистік жарысқа тығымдықты басшылық жасап, әрбір цехта, бригадада, сменада еңбек өнімділігінің еселен арттырылуына жетісулері қажет.

Облыстың қай кәсіпорнында болсын өндіріс жанашылдарының қатары барған сайын көбейе түсіп отыр. Пайдаланылмай жатқан мүмкіншіліктерді тауып іске қосуда, өнім шығаруды ұлғайтуда мұндай жаңалық ұсыныстардың маңызы ерекше зор. Партия ұйымдары әрбір жұмысшының, инженер мен техниктің еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жаңалық ұсыныстарын үнемі қолдап, оны өндіріске енгізуге қамқорлық жасап отыруға міндетті.

СОБП Орталық Комитеті Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдығына арнаған Ұрандарында мынаған шақырады:

— Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсібінің қызметкерлері! Жақсы және әдемі маталарды, жарасымды киімдерді, мықты және сенді аяқкиімдерді, жоғары сапалы басқа да товарларды көп беріңдер! Шығарылатын өнімнің асортиментін ұлғайтып, шикізатты үнемді пайдаланыңдар! Көпшілік тұтынатын товарлар өндірісін шұғыл өрге бастыруды қамтамасыз ете-йік!

Міне, облыс өнеркәсіп орындарының коллективтері көзін өздерінің барлық күш-мүмкіншіліктерін партиямыздың осы шақыруына нақтылы іспен жауап беруге жұмсай білулері керек.

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНДА

Бірінші ноябрьде Кремльде ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. Е. Ворошилов елу жасқа толуына байланысты және Коммунистік партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген еңбегі үшін наградталған ССРО Министрлер Советі Председателінің орынбасары М. Г. Первухинге Ленин орденін тапсырды.

К. Е. Ворошилов жолдас М. Г. Первухин жолдасы қызу құттықтады және өзінің мемлекеттік қызметінде оның бұдан былай да табысқа жете беруіне тілек білдірді.

Сол күні К. Е. Ворошилов жолдас ССРО Ғылым академиясының тау-кен ісі институтының директоры, Социалистік Еңбек Ері академик А. А. Скочинскийге Ленин орденімен «Орақ және балға» Алтын медалін тапсырды. Академик А. А. Скочинскийге Социалистік Еңбек Ері атағы тау-кен өнеркәсібінің өркендету саласында және ғылыми-техникалық кадрлар даярлауда сіңірген зор еңбегі үшін туғанына 80 жыл толуына байланысты берілген.

Көп жыл және мінсіз жұмыс істегені үшін ССРО Жоғарғы білім министрі техникалық ғылымдардың докторы профессор В. П. Елютинге Еңбек Қызыл Ту ордені тапсырылды.

К. Е. Ворошилов жолдас ордендер тапсырып, наградталғандарды қызу құттықтады және олардың жұмыста бұдан былай да табысқа жетулеріне тілек білдірді.

Т. Тәжібаев жолдасы Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары етіп тағайындау туралы ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Төлеген Тәжібаев жолдас Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Н. ОҢДАСЫНОВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы,
2 ноябрь, 1954 жыл.

таорде бұл бұйымдардың жылдық тапсырманың есебіне өндірілген ең соңғы партиясының дайын өнімдері қоймаға түсті.

(СОТА).


Жаңа техникалық училищелер

Бірінші ноябрьде еліміздің түрлі қалаларында ашылған көптеген жаңа техникалық училищелерде оқу басталды. Орджоникидзе атындағы Харьковтың трактор заводы жанындағы оқу аудиториясына үстіміздегі жылы орта мектептерді бітіріп шыққан 176 жас жігіттер мен қыздар келді. Мұнда олар токарлық автоматтың нақладчигі, универсаль-токарлары құрал-жабдық слесарьлары деген және басқа мамандықтар алады. Харьков трактор заводы училищеге көптеген арнаулы әдебиеттер, ондаған әртүрлі модельдер-жүздеген схемалар, плакаттар берді. Мастерскойда жұмыс орындары жабдықталған. Мұғалімдік қызметке кәсіпорнының таңдаулы мамандары жіберілген. Көзін Харьковте ең ірі кәсіпорындарының базасында құрылған бұл сыяқты бес оқу орны бар. Қаланың техникалық училищелерінде өндіріс мамандығын алу үшін орта мектептерді бітіріп шыққан 950 адам оқыйды.

Саратов облысында техникалық 5 училище құрылған. Фрунзе қаласында ашылған 2 техникалық училищеді алғашқы оқу жылы басталды. Көптеген оқушылар Ош және Жалалабад облыстарының, Шу алқабының алыстағы аудандарынан көптеген оқушылар келді.

Сол сыяқты Ереван, Сталиногорск және еліміздің басқа да қалаларындағы техникалық училищелерінде оқу басталды.

(СОТА).



Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрлігінің Алматыдағы «XX лет октября» механикалық заводы үстіміздегі жылы «АНЖ-2» маркалы жаңа машина шығаруды игерді. Бұл машиналар жер қыртысына өңдегіш заттарды сіңіруге пайдаланылады. Тек быйылғы жылдың өзінде ғана завод осындай мың машина жасап шығарады.

СУРЕТТЕ: дайын машиналар жөнелтілер алдында.

Кеше су электр станциясы үйінің құрылысы басқармасының коллективі бетон орнату жөніндегі жылдық тапсырманы орындады.

Құрылысшылар жұмыстың өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырманы ойдағыдай орындады және жоспардан тыс 5 миллион 240 мың сом қаржы үнемдеді.

Алдыңғы қатарлы ауданның мақта өсірушілерінің жеңісі

БАКУ, 1 ноябрь. (СОТА). Азербайжан мақта өсірушілерінің Октябрь мерекесі қарсаңындағы социалистік жарысында Барягинск ауданының мақта өсірушілері тамаша табысқа ие болды: олар Октябрь мерекесі қарсаңында алған міндеттемелерінің есебіне ең соңғы тонна мақтаны тапсырды. Дайындау пункттеріне жоспардан тыс бірнеше мыңдаған центнер мақта жеткізілді. Әрбір гектардан 35 центнерден шитті мақта жыйналды — бұл соғыстан кейінгі жылдардағы ең жоғары өнім. Барлық колхоздар контрактиациялау тапсырмаларын орындап шықты. Молотов атындағы колхоздың мақта өсірушілері әр гектардан 43,5 центнерден жоғары сапалы шитті мақта жыйнап, республикада жақсы өнім өсіруге жетісті. Социалистік Еңбек Ері Гаманил Ахмедова әр гектардан 76 центнерден мақта жыйнады. Социалистік Еңбек Ері атағын екі рет алған Шамам Гасанов басқарған «Бірінші май» колхозының бригадалары мен звеноларының жартысынан астамы Октябрь қарсаңында алған міндеттемелерінен тыс мақта тапсырды. Колхоз гектарынан 45 центнерден шитті мақта алу үшін күресті, әлі де жүргізіп жатыр.

(СОТА).

Ноябрьде өткізілетін тираждар

Үстіміздегі айда Мемлекеттік ұтыс тираждары бойынша үш тираж өткізіледі. 14 ноябрьде Пековта ССРО Халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік заямының (1951 жыл шығуы) кезекті тиражы өткізіледі.

21 ноябрьде ССРО халық шаруашылығын қалпына келтірудің және өркендетудің Мемлекеттік үшінші заямының өтеу тиражы Москвада өткізіледі.

Сол сыяқты Москвада Мемлекеттік үш проценттік заем бойынша негізгі екінші тираж өткізілетін болады. Бұл тираж 30 ноябрьде өткізілетін болып белгіленді.

(СОТА).

өзіміздегі жылдың өзінде ондаған тұрғын үйлер салынып, пайдалануға берілді. Жақында Сталин көшесіндегі № 104 екі қабатты үйдің барлық құрылыс жұмыстары аяқталды. Бұл үйге комбинаттың жұмысшы қызметкерлерінен 35 семья орналасты. Үй жақсы жабдықталған. Үй бү күшімен жылытылады және тұрғын семьялар суды су проводы арқылы алағын болады.

Жаңа үйге көшіп орналасушылардың ішінде инженерлер Хабаров пен Соколованың, ағаш шебері Юрактың, қочегары Грязнованың тағы басқалардың семьялары бар. Жаңа қоныстанушы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер жаңа үйге орналасу кешін көңілді өткізді.

Үй құрылысын прораб Боробин жолдас басқаратын ет-консерв комбинатының құрылыс-монтаждау басқармасы жүргізді. Құрылыста штукатуршылар Орлов, Зайкевич, Едомский, монтаждаушы Калпышников, ағаш шеберлері Мукасеев, Хамитов жолдасар құрылыстағы өндірістік тапсырманы үнемі асыра орындап, еңбектің озат үлгісін көрсетті.

Құрылысшылар коллективі Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдық мерекесіне арнаған СОБП Орталық Комитетінің ұрандарын зор өндірістік табыстармен қарсы алу үшін еңбек өнімін арттыра түсуде.

М. АҚАТОВ.

Еңбек өнімділігі артуда

«Красный партизан» кәсіпшілік артельінің коллективі (Булаев ауданы) өнім шығарудың жылдық жоспарын даңқты мереке күніне дейін орындап шығуға міндеттеніп, социалистік жарысты барған сайын өрістете түсуде.

Артельдің А. Дроздов жолдас басқаратын алдыңғы қатарлы тағамдар дайындау цехы көзін өзімізде 284 мың сомның жоғары сапалы өнімін шығарып, өндірістік жылдық тапсырманы 102 процент орындады.

В. Ережко жолдас басқаратын цехтың да жұмыс көрсетімі аса жоғары. Цех өткен он айдың өзінде 76 мың сомның мінсіз, жоғары сапалы өнімін жоспардағыдан артық шығарды. Цехтың озат шеберлері П. Зубенко, К. Виданова, М. Грачева, Н. Носова жолдасар сменалық тапсырмаларын үнемі 100-150 проценттен асыра орындап, өндірісте еңбектің озат үлгісін көрсетіп жүр.

Бұл күндері артельдің барлық цехтары мен бригадалары және жекелеген мамандары СОБП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 37 жылдық мерекесіне арнаған Ұрандарына жауап ретінде, халық тұтынатын товарларды көп шығаруға және оның сапасын жақсартып, өнімнің өзіндік құнын еселен кеміте беру жолында қажырлықпен еңбек етуде.

Б. ЖӘКЕНОВ.

